

Офтальмологиялық қызмет

ОКА офтальмологиялық қызмет құрамына тәулік бойы стационардың екі микрохирургиялық бөлімшелесі, ақылы микрохирургия бөлімшесі, күндізгі стационар және кеңес беру-диагностикалық емхана кіреді.

№1 микрохирургиялық бөлімшесі

Бөлім меңгерушісі – Нурманов Азамат Бахытжанович.

Бөлімше 30 төсек орынға есептелген. Бөлімшенің басым бағыты көз мүшесінің жарақатында, көздің және оның қосалқы аппаратының ірінді-қабыну ауруларында шұғыл түрде консервативті және хирургиялық ем көрсету болып табылады.

№2 микрохирургиялық бөлімшесі

Бөлім меңгерушісі – Дарибаев Нурлан Миятбекович.

Бөлімшеде 20 төсек орын бар. Бөлімшенің басым бағыты шұғыл көмекті талап етпейтін көз ауруларына жоспарлы консервативті және хирургиялық ем көрсету болып табылады.

Микрохирургиялық бөлімшелерде келесі операция түрлері жасалынады:

- Барлық катаракта түрлерін «тігіссіз» әдіспен емдеу, оның ішінде басқа патологиямен асқынған катаракталарды (жоғары дәрежелі миопия, күрделі астигматизм, глаукома, диабеттік ретинопатия, жарақаттан кейінгі өзгерістер). Сонымен қатар, жақынға және алыстан көруді жақсартатын мультифокалды көз ішілік линзалар енгізіледі.
- Глаукоманың консервативті және хирургиялық емдеуі (біріншілік, екіншілік, оның ішінде неоваскуляризацияланған). Глаукомаға жасалынатын операциялардың барлық түрлері жасалынады, оның ішінде дренаж енгізумен.
- Глаукомаға және катарактаға бір мезетте күрделі операция түрі жасалынады.
- Глаукоманың ауырсынумен өтетін түрлерінде ауырсыну синдромын жою үшін көз мүшесін сақтаушы операция түрлері жасалынады.
- Көз алмасын алу қажет болғанда протез астына қимылдайтын культя қалыптастыру операциясы жасалынады.
- Қабақтарға операциялар: блефаропластика, қабақтардың ішке немесе сыртқа теріс айналуында, птериgiumды, ксантелазмаларды, халазионды, кисталарды алу.